

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 22)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Ноутбук	Ноутбук 2024 жылы шығарылған немесе одан жаңа модель, экран диагоналі шамамен 14,2 дюйм, экран ажыратымдылығы 3024×1964 пиксель, жаңарту жиілігі кемінде 120 Гц, экран жарықтығы кемінде 1000 кд/м², IPS матрицасы (немесе баламасы) және жылтыр жабыны бар, сенсорлық экраны жоқ, кемінде 12 ядролы, базалық жиілігі 2,8 ГГц-тен төмен емес және максималды жиілігі шамамен 4,5 ГГц-тен кем емес Apple M4 Pro процессорымен (немесе одан жоғары), біріктірілген жедел жады (unified memory) көлемі кемінде 24 ГБ, сыйымдылығы 512 ГБ немесе одан жоғары SSD жинақтаушымен, 16 ядролы GPU-ы бар Apple M4 Pro кіріктірілген графикалық жүйесімен (немесе баламалы), Wi-Fi 802.11ax (Wi-Fi 6) немесе одан жоғары стандарты мен Bluetooth 5.3 немесе одан жоғары нұсқасын қолдайтын сымсыз интерфейстерімен, HDMI порты, құлаққапқа арналған аудиошығу және кемінде үш Thunderbolt/USB-C портымен (немесе баламасымен), кіріктірілген Full HD (1080p) веб-камерасымен, Touch ID немесе соған ұқсас биометриялық аутентификация жүйесімен, металл корпусы бар, пернетақтасы жарықтандырылған және ағылшын және орыс тілдеріндегі әріптік жаймасы бар, аккумулятор сыйымдылығы шамамен 72,4 Вт·сағ (немесе баламалы) және қалыпты жүктеме кезінде кемінде 9 сағат автономды жұмыс уақытын қамтамасыз ететін, салмағы шамамен 1,6 кг және өлшемдері шамамен 312×221×15 мм (немесе одан кіші), корпус түсі қара (Space Black) немесе тапсырыс берушімен келісілген басқа да қою түсті, алдын ала орнатылған macOS операциялық жүйесімен.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылым департаментінің директоры

Х.Масадиков

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін